

1. Өндірістік операцияларды орындау барысында уақыттардың бөлінуі
 - A) оперативтік (жедел), негізгі және қосалқы
 - B) негізгі немесе қосалқы
 - C) оперативтік (жедел), және арнайы
 - D) оперативтік (жедел) және ауысымдық
 - E) қосалқы және арнайы
2. ТҚК барысында статистикалық және диагностикалық ақпараттарды қолдану
 - A) бірін-бірі толықтырады
 - B) қарама-қарсы келеді
 - C) өз-ара байланыстары жоқ
 - D) ақпараттардың ауытқуын көрсетеді
 - E) ақпараттар кемшіліктерін айқындайды
3. Салалық нормативтік құжаттамаларды тағайындау немесе анықтау әдісі бойынша талдау мен жіктеу негізінде параметрлердің нормативтік мәндерінің топтар саны
 - A) 3
 - B) 5
 - C) 2
 - D) 4
 - E) 7
4. Көлік техникасының ақаусыз күйі
 - A) нысанның нормативті-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттардың барлық талаптарына сай болуы
 - B) келтірілген техникалық параметрлердің дәлдігі
 - C) нысанның келтірілген техникалық параметрлерін белгіленген уақыт аралығында сақтау қасиеті
 - D) нысанның нормативті-техникалық құжаттардың талаптарына сай болуы
 - E) нысанның конструкторлық құжаттардың талаптарына сай болуы
5. Техникалық қызмет көрсету барысында «жөндеу» жұмысының көлемі
 - A) бұйымның жөнделуінің немесе жұмысқа жарамдылығының қалпына келуі және бұйым қорларының қалпына келуі туралы операциялар жиынтығы
 - B) дұрыстығын толық немесе толыққа жақын бұйым қорларын немесе оның қалпына келтіру, жөндеу
 - C) бұйымның жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету немесе қалпына келтіру үшін орындалатын жөндеу
 - D) диагностикалау нысандарының техникалық күйін және техникалық күйлердің көрінуі мен оларды пайдалануды ұйымдастыру
 - E) тағайындау, күту, сақтау және тасу бойынша қолдану кезіндегі жұмысқа қабілеттілікті қолдау

6. Шешімдерді қабылдау және орындау процесін оңтайландыру үшін пайдаланылатын сандық немесе сапалық көрсеткіш
- A) норматив
 - B) сапа
 - C) параметр
 - D) ресурс
 - E) өлшем
7. Технологиялық уақытты анықтау үшін
- A) микроэлементтердің нормативтері қолданылуы мүмкіндігін ескереміз
 - B) орындаушының қарапайым қозғалысынан тұратын әрекетті ескереміз
 - C) орындаушының күрделі қозғалысынан тұратын әрекетті ескереміз
 - D) жұмыстарға бекітілген нормативті уақыттарды ескереміз
 - E) жұмыстың жылдық көлемін ескереміз
8. Күнделікті қызмет көрсетудің мақсаттарының бірі
- A) қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету мақсатында жалпы бақылау, автомобильдің сыртқы көрінісіне тиісті қолдау жасау
 - B) көліктің техникалық күйінің интенсивті өзгеру көрсеткіштерін төмендету
 - C) ақаулықтарды анықтау және ескерту, жұмыстың өнімділігін, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету
 - D) жұмыстың өнімділігін, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету
 - E) майлау, бекіту, реттеу және басқа да жұмыстарды уақытылы орындау
9. Автомобиль көлігінің жылжымалы құрамына ТҚК және жөндеу технологиялық үрдістерін механизациялауға арналған технологиялық жабдықтар
- A) жалпы өндірістік қорлардың бөлігі болып табылады
 - B) жөндеу орталықтарының жабдықтары болып табылады
 - C) негізгі жабдықтар болып табылады
 - D) қосымша қажетті жабдықтар болып табылады
 - E) технологиялық жабдықтар болып табылады
10. Жөндеу мінездемесіне және жұмыстың тағайындалуына байланысты жұмыстардың аталуы
- A) күрделі және ағымдағы жөндеу
 - B) негізгі және қосымша жөндеу
 - C) тапсырыс немесе қажеттілік бойынша жөндеу
 - D) технологиялық және ақаулық жөндеу
 - E) бастапқы және маусымдық жөндеу